

Қазақстан Республикасының машина жасау саласын дамыту жөніндегі 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 7 қарашадағы № 991 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының машина жасау саласын дамыту жөніндегі 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Кешенді жоспардың орындалуына жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ мүдделі ұйымдар:

1) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз етсін;

2) жылдың қорытындысы бойынша, 20 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне оның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсіп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі жылдың қорытындысы бойынша, 1 ақпаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 7 қарашадағы
№ 991 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының машина жасау саласын дамыту жөніндегі 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспар

Ескерту. Кешенді жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.01.2026 № 17 қаулысымен.

Кіріспе

Машина жасау әлемнің өңдеу өнеркәсібінің жетекші саласы бола отырып, өнеркәсіп пен ел экономикасының бәсекелестік артықшылығын айқындайды, өндірістік және ғылыми-технологиялық әлеуеттің дамуы, еңбек өнімділігінің артуы, ұлттық қауіпсіздік

пен еліміздегі тұрмыс сапасы соған байланысты. Өңдеу секторы тауарларының жаһандық экспортының шамамен 50 %-ы осы салаға тиесілі (Жапонияда – 68 %, Қытайда – 56 %, Германияда – 55 %, АҚШ-та – 53 %, Канадада – 35 %).

Осыны ескере отырып, әлемнің өнеркәсіптік тұрғыдан дамыған елдерінде бұл салаға мемлекет тарапынан ерекше назар аударылып, қолдау көрсетіледі. Қазақстан табысты дамып, жаһандық аренада өз орнын алуы үшін қазіргі жағдайда отандық машина жасаудың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру – бұл аса маңызды және өзекті мәселе.

Бүгінгі күні салада мынадай жағдай байқалады.

2017 – 2022 жылдары ел экономикасындағы машина жасау саласының үлесі 1,0 % -дан 1,5 %-ға дейін, өңдеу секторында 8 %-дан 13 %-ға дейін ұлғайған. Саладағы өндірістің құндық көлемі 3,1 трлн теңгеге дейін 3 есе артқан, оның ішінде 1 229 млрд теңге (39 %) автомобиль жасау секторына, қалған машина жасау секторларына 1 752 млрд теңге (61 %) тиесілі. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау 10,5 есеге, автомобиль жасау 8,2 есеге, теміржол машиналарын жасау 3,2 есеге, авиақұрастыру 3,7 есеге, электротехника 1,1 есеге, тау-кен металлургиясы 2,2 есеге, мұнай-газ машиналарын жасау 1,2 есеге артқан. Энергетикалық машина жасауда 2,2 есе құлдырау орын алды.

Сонымен қатар салада машина жасау өнімдері өндірісінің жалпы өсуінің аясында импортқа айтарлықтай тәуелділік сақталуда. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – СЖРА ҰСБ) деректері бойынша ел импортының шамамен 40 %-ы машина жасау өнімдері болып табылады (2022 жылы 50 млрд АҚШ долларының 19,8 млрд). Қазақстандағы ішкі машина жасау нарығын отандық өндіріс небәрі 13 % қамтамасыз етеді.

Бұл ретте макроөңір деңгейінде машина жасау өнімдерін өткізудің айтарлықтай әлеуеті бар. Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) нарығының машина жасау өнімінің жалпы импорты 2021 жылы (Қазақстан Республикасын есептемегенде) 141,2 млрд АҚШ долларын құрады. Алайда ахуал қазіргі геосаяси жағдаймен, Қазақстанның саудадағы негізгі серіктесі Ресейге қатысты санкциялармен, тауарларды жеткізудің жаһандық та, өңірлік те тізбектері бұзылған жоғары инфляциялық болжамдармен және тәуекелдермен күрделене түсуде.

Экспорт 5,7 есеге өсіп, 3,7 млрд АҚШ долларына дейін жетті. Бұған қоса, саланың отандық өнімі әлемдік нарықта аз ұсынылған (2021 жылы 0,02 %). Салыстыратын болсақ, машина жасау өнімдерінің әлемдік экспортындағы Ресейдің үлесі – 0,3 % (2014 жылдан бастап қолданылған санкцияларды ескерсек), Корея – 4,6 %, АҚШ – 8,3 %, Германия – 9,6 %, Қытай – 20 %. Бұл осы елдерде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) қомақты қаржы бөлінуіне де негізделген.

Қазақстанда ҒЗТҚЖ шығындарында машина жасауға тиесілі үлес төмен – небәрі 11,4 млрд теңге немесе өңдеу өнеркәсібінде 22 % (50,6 млрд теңге), ал металлургияға 28,2 млрд теңге немесе ҒЗТҚЖ шығындарының жалпы көлемінің 56 %-ы жұмсалған.

2022 жылдың қорытындысы бойынша машина жасау саласының еңбек өнімділігі бір жұмыскерге шаққанда 28,7 мың АҚШ долларын құрады.

Саланың негізгі капиталына 64,6 млрд теңгеден астам инвестиция салынды (140 млн АҚШ доллары), 474,6 млннан астам АҚШ долларын құрайтын тікелей шетелдік инвестициялар тартылды.

Салада 3,7 мыңнан астам машина жасау кәсіпорыны бар, оларда 118,6 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Алайда өнеркәсіп орындарының негізгі өндірістік қорлары жаңартуды қажет етеді. СЖРА ҰСБ деректері бойынша машина жасауда жабдықтың тозу дәрежесі сала бойынша орта есеппен 37 – 40 % құрайды. Негізгі қорлардың жағдайы күшейтілген бақылауды, жаңғыртуды немесе реконструкциялауды қажет етеді, бұл банктік кредит берудегі жоғары мөлшерлемеге және кепіл базасының жетіспеушілігіне байланысты күрделене түскен.

Негізгі компоненттер бойынша (құю, соғу, қалыптау, илемдеу) өзіндік өндірістің жетіспеушілігі байқалады. Қазіргі уақытта саланың жекелеген кәсіпорындары Қазақстан Республикасының аумағында құю өндірісін дамытуға және жаңғыртуға мүдделі болып отыр.

Осыған байланысты саладағы жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту, кеңейту және жана өндірістер құру үшін бірінші кезекте шағын және орта бизнесті, оның ішінде Өнеркәсіпті дамыту қорының желісі бойынша басым әрі қолжетімді (шарттар, мерзімдер және кепіл базасына қойылатын талаптар бойынша) қаржыландыруды қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып қала береді.

Бұдан басқа, сала кәсіпорындары арасындағы өнеркәсіптік кооперация мен салааралық кооперация деңгейі төмен.

Ұзақ мерзімді офтейк-келісімшарттар тетігінің жеткілікті таралмауы, оның ішінде олардың саны, номенклатурасы мен көлемі, жаңа жобаларды лизингтік қаржыландыру кезіндегі бюрократиялық кедергілер, машина жасау өнімдерінің өмірлік циклінің жиынтық құны, тапсырыс берушілер тарапынан тартымды, сапасы жоғары жабдыққа қызығушылықтың төмендігі тағы бір тежегіш фактор болып отыр.

Бұдан басқа, машина жасау тауарларының едәуір бөлігі жұмыстар шеңберінде (жер қойнауын пайдаланушылардан, мұнай мен газды өңдеу және тасымалдау кәсіпорындарынан, құрылыс-монтаждау жұмыстарында) сатып алу кезінде көрсетілетін қызметтер құрамында аутсорсингке беріліп, елішілік құндылығы туралы есептер ұсынылмайды.

Сала кәсіпорындары теміржол тасымалдарының көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің жоғары болуын, электрмен жабдықтау сапасының төмендігін және электр энергиясы құнының жоғары екендігін де проблемалы мәселелер ретінде атап өтеді.

Белгілі бір деңгейде кәсіптік білімі, дағдылары мен құзыреті бар білікті кадрлардың жетіспеушілігі байқалады, бұл көбінесе дуальді білім беру моделінің және оқытудың тәжірибеге бағдарланған тәсілінің жеткілікті дамымауына байланысты. Мәселен, машина жасау саласындағы сұранысқа ие мамандар бойынша еңбек ресурстарына деген сұраныстың орта мерзімді ұлттық болжамына сәйкес 2024 жылдан 2028 жылға дейінгі аралықта 7 мыңнан астам маманға қажеттілік туындайды.

Машина жасау секторларында жоғарыда аталған жүйелік сипаттағы қиындықтардан басқа мынадай бірқатар проблемалық мәселелерді бөліп көрсетуге болады.

Тау-кен металлургиялық машина жасауда: жер қойнауын пайдаланушылардың тауар биржалары арқылы стандартталмаған тауарларды сатып алуы; тау-кен өндіру секторының тұтынушылары тарапынан сектор өніміне қажеттілік бойынша ақпараттың болмауы; секторда өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімдер жасасу тетігінің болмауы

Мұнай-газ машинасын жасауда: мұнай-газ компанияларының жұмыс құрамында сектор өнімін едәуір көлемде сатып алуы; үш ірі операторды қоса алғанда, мұнай-газ саласы компанияларынан сектор өніміне қажеттілік бойынша ақпараттың болмауы; мұнай-газ саласы операторларының сатып алуында елішілік құндылық деңгейінің төмен болуы; өндірілетін өнімнің халықаралық стандарттарға (API, ASTM) сәйкес келмеуі және отандық өндірушілердің өнімдерін қойылатын талаптарға сәйкес келтіру үшін олардың ынтымақтастық жасауға мұнай-газ компанияларының практикалық қызығушылығының төмен болуы; мұнай-газ машинасын жасау өнімдерінің өндірісін дамыту мен оқшаулау деңгейінің жеткіліксіз болуы; жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуында стратегиялық объектілерде қолдану үшін технологиялық жағынан күрделі, кейіннен негізгі қорлар ретінде есепке алынатын машина жасау жабдықтарын жеткізудің тым қысқа мерзімдері (күнтізбелік 60 күн) (мысалы, "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының құрылымдарында) көрсетіледі.

Электр-техникалық және энергетикалық машина жасауда: кедендік баждарды (ЕАЭО елдерін қоспағанда) және ҚҚС төлеуді ескергенде бастапқы материалдарды (электр-техникалық болат, трансформаторлық май және т.б.) таяу және қиыр шет елдерден сатып алу ақшаны кәсіпорындардың айналым қаражатынан алуға әкеледі. Бұл ретте металл өнімдерін импорттаудан бастап дайын өнім жасауға дейінгі процесс 3 айдан 9 айға дейін созылады; халықаралық стандарттарға сәйкес сынақтар кешенін жүргізу үшін заманауи сынақ және метрологиялық базамен жарақтандырылған зертханалық орталықтың болмауы (KEMA – Нидерланды, CESI – Италия, XIHARI – ҚХР, CPRI – Үндістан, KERI – Корея үлгісінде); энергетика саласының генерациялаушы және таратушы кәсіпорындарының энергетикалық машина жасау бойынша сұранысқа ие өнімдерді сатып алу қажеттіліктері бойынша деректердің болмауы; жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту, кеңейту, сондай-ақ жаңа энергия

объектілерін, оның ішінде жаңартылған энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) салу кезінде энергетикалық машина жасаудың отандық өндірушілері мүмкіндіктерінің толық пайдаланылмауы.

Теміржол машинасын жасауда: теміржол машинасын жасау секторы кәсіпорындарының техникалық тұрғыдан жеткілікті жарақтандырылмауы; жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда, жылжымалы құрамға деген қажеттілікті ұзақ мерзімді жоспарлаудың болмауы, бұл жылжымалы құрамды, сондай-ақ оған қызмет көрсету және салу үшін қосалқы бөлшектер мен жиынтықтауыш жеткізуге офтейк-келісімшарттар мен ұзақ мерзімді шарттар жасасуды тежейді.

Автомобиль жасауда: елімізде автомобильге арналған болат өндірісінің болмауы және шикізат пен жиынтықтауышты шетелдік дайындаушы зауыттардан сатып алу; ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында ТҚКЭП жүйелерінің (техникалық көлік құралының электрондық паспорты) ақпараттық өзара іс-қимылының болмауы; ТҚКЭП жүйесінің басқа мемлекеттік ақпараттық жүйелермен елішілік интеграциясының болмауы; автомобиль жасау өнімін сертификаттау үшін толыққанды сынақ базасының болмауы; преференциялардың бар екенін ескерсек, мемлекеттік сатып алу шеңберінде төленген салықтардың көрсеткіші бойынша талаптардың төленуі барынша ықтимал салықтарға сәйкес келмеуі; сынақ зертханалары мен сертификаттау жөніндегі органдардың техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтін көлік құралдарына сәйкестікті бағалау туралы құжаттарды ресімдеуі; дәнекерлеу және бояу бойынша технологиялық операцияларды орындай отырып шығарылатын көлік құралдарының үлесін реттеудің болмауы.

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасауда: ауыл шаруашылығы машиналарын одан әрі дамыту бағдарламаларын қалыптастыру үшін базалық құжат болып табылатын ауыл шаруашылығын кешенді механикаландыру мен автоматтандыруға арналған технологиялар мен машиналар жүйесінің ескіруі; өздігінен жүрмейтін ауыл шаруашылығы техникасын отандық өндірушілерді қаржылық қолдау шаралары жүйесінің болмауы, бұл субсидиялық қолдау шараларының ауқымды тізбесін қолданатын шекаралас мемлекеттердің өндірушілерімен тең емес бәсекелестік жағдайларға негіз болады; қазіргі уақытта қолданыстағы агроөнеркәсіп кешені (бұдан әрі – АӨК) субъектілерін субсидиялау жүйесі ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған кезде қазақстандық өндіріс техникасына сұранысты ынталандыруға толық көлемде ықпал етпейді; секторды ғылыми және конструкторлық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі; конструкциялық және қоспаланған, импорттық болаттың тапшылығы мен жоғары құны; Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайларына бейімделмеген шетелдік ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының кеңінен өткізілуі; жергілікті нарықта отандық ауыл шаруашылығы техникасын ілгерілету жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясаттың болмауы, бұл сату шарттарына және ауыл шаруашылығы машиналарын жасаушылар үшін өңірлік нарықтардың қолжетімділігіне

дилерлердің ықпалының күшеюін негіздейді; тіркемелі және аспалы машиналардың жекелеген түрлерін өндірудің жеткіліксіз көлемі немесе болмауы; машиналардың функционалдық көрсеткіштерін айқындай отырып, ауыл шаруашылығы техникасы мен жаңа әзірleme жабдығына тәжірибелік және қабылдау сынақтарын жүргізу мен пайдалануға рұқсат беру жүйесінің болмауы; дефолт немесе лизинг алушы тарапынан төлемдер болмаған жағдайда жеңілдікті лизинг бағдарламалары шеңберінде іске асырылған ауыл шаруашылығы техникасын кері сатып алуды жүзеге асыру бойынша талап; өздігінен жүретін машиналардың электрондық форматтағы паспорттарының болмауы.

Авиакұрастыруда: еңбек нарығында бейінді маманданған персоналдың болмауы; азаматтық авиацияға ауысқан кезде мемлекеттік авиацияның ұшқыштар құрамын қайта даярлауды жүргізу тетіктерінің болмауы; ICAO талаптарына сәйкес FFS типі бойынша тренажерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының аумағында тікұшақ техникасының ұшқыштар құрамын тренажерда даярлау мүмкіндігінің болмауы.

Салада байқалған проблемалардың сақталуы ел экономикасына елеулі теріс әсері етуі және оның ішінде мынадай теріс салдарларға әкеп соғуы мүмкін:

1. Өнеркәсіптік базаны шектеу. Машина жасау экономиканың негізгі салаларының бірі болып табылады және басқа салалар мен секторларды дамытуға негіз болады. Машина жасаудың дамымауы еліміздің заманауи және бәсекеге қабілетті машиналар мен жабдықтар өндірісіндегі мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін, бұл энергетика, ауыл шаруашылығы және т.б. сияқты басқа да салалардың дамуын қиындатады.

2. Импортқа тәуелділікті арттыру. Егер машина жасау дамымаса, еліміз машиналар мен жабдықтардың импортына өте тәуелді болып қалуы мүмкін. Бұл ішкі нарықтағы меншікті өндіріс үлесінің төмендеуіне әкеледі.

3. Шектеулі технологиялық мүмкіндіктер. Машина жасау технологиялық инновациялармен және прогреспен тығыз байланысты. Машина жасаудың дамымауы технологиялық салада артта қалуға әкеп соқтыруы мүмкін, бұл тиімді өндірістік процестерге көшуді қиындатады.

4. Өнімділіктің төмендеуі. Ескіре бастаған негізгі құралдар мен технологиялар машина жасау кәсіпорындарының өнімділігін төмендетуі мүмкін, соның салдарынан экономикадағы жалпы өнімділіктің төмендеуіне әкеледі.

5. Экспорттық және инвестициялық мүмкіндіктерді шектеу. Машина жасаудың дамымауы отандық өнімнің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін төмендетуі мүмкін. Бұл экспорттық мүмкіндіктерді шектейді және экспорттық кірістер мен сыртқы инвестицияларды жоғалтуға әкеледі.

6. Жұмысқа орналасу қаупі. Машина жасау экономикадағы өнімділігі жоғары жұмыс орындарының маңызды көзі болып табылады. Машина жасаудың дамымауы жұмыс орындарының қысқаруына және жұмыссыздықтың артуына әкелуі мүмкін, бұл әлеуметтік салаға теріс әсер етуі мүмкін.

Осылайша, аталған проблемаларды шешуге және машина жасауды дамытуға жеткілікті көңіл бөлмеу жалпы жұмыс істеп тұрған өндірістердің тиімділігінің төмендеуіне, қолда бар бәсекелік артықшылықтардан айырылуға, салық базасының төмендеуіне әкелуі және елдің әртараптандырылуына, орнықты экономикалық өсуі мен дамуына кедергі келтіруі, сондай-ақ оның әлемдік экономикаға интеграциялануын күрделендіруі мүмкін. Сондықтан бәсекеге қабілеттілікті дамыту және машина жасау саласының өнеркәсіптік әлеуетін ашу ел экономикасының өркендеуі үшін стратегиялық маңызға ие.

Машина жасауды дамытудың қазіргі жалпы салалық және секторлық проблемалық мәселелерін кешенді шешу қажет, өйткені олар кең ауқымды мәселелерді қозғайды. Саланың әлеуетін іске асыруға жүйелі көзқарас, оны дамытудың ұзақ мерзімді мақсаттарына сүйене отырып, экономикалық өсудің, технологиялық прогрестің орнықтылығын толық көлемде арттыруға және елдің әлеуметтік дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген талдауды ескере отырып, Машина жасау саласын дамыту жөніндегі 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – Кешенді жоспар) әзірленді. Бұл құжат отандық өндірушілерді қолдауға және еліміздің машина жасау саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағдарланған.

Кешенді жоспарда "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңын практикалық тұрғыдан іске асыру мәселелері, Елдің 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының негізгі ережелері, Өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Мемлекет басшысының ел экономикасын әртараптандыру және индустрияландыру жөніндегі тапсырмалары ескерілген.

Машина жасау саласындағы жалпы қосылған құнды 2021 жылғы деңгеймен салыстырғанда 4,5 есеге өсіру негізгі мақсат ретінде көзделген.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер қойылды:

1. Саланы дамыту үшін базалық жағдайларды жақсарту.
2. Ішкі және сыртқы нарықтарда отандық өнімді ілгерілету.
3. Саланың басым секторларын дамыту.

Осы міндеттерді іске асыру мақсатында Кешенді жоспарда мынадай 7 бағыт бойынша іс-шаралар қамтылған:

- 1) отандық өндірушілерді қолжетімді баға бойынша бастапқы материалдармен қамтамасыз ету;
- 2) басым және қолжетімді қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- 3) отандық өндірушілерді салықтық ынталандыруды жетілдіру;
- 4) білікті кадрлармен қамтамасыз ету және ҒЗТҚЖ-ны дамыту;
- 5) машина жасау өнімдерін өткізуді ынталандыру;
- 6) техникалық реттеу жүйесін жетілдіру;
- 7) сала секторлары үшін нақты қолдау шараларын іске асыру.

Кешенді жоспарды іске асыру салада мынадай күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- 1) нақты көлем индексінің (бұдан әрі – НКИ) өсімі – 2021 жылғы деңгеймен салыстырғанда 217,8 %;
- 2) 2021 жылғы деңгеймен салыстырғанда экспорт көлемін 2,9 есеге ұлғайту;
- 3) еңбек өнімділігі деңгейінің өсімі – 2021 жылғы деңгеймен салыстырғанда 191,7 %;
- 4) негізгі капиталға инвестициялардың НКИ-нің өсімі – 2021 жылғы деңгеймен салыстырғанда 153,5 %.

Кешенді жоспардың күтілетін нәтижелеріне табысты қол жеткізу қаржыландыру көлеміне, оның уақтылығына және мақсатқа бағдарланғанына байланысты.

Кешенді жоспарды қаржыландыру

Саланың дамуын ынталандыру үшін 2024 – 2028 жылдарға арналған қажетті қаржыландыру көлемі экономиканың дамуы мен мемлекеттік бюджеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, машина жасауды дамыту мақсаттарына және шағын және орта бизнес субъектілеріне ғана бөлінетін болады. Бұл ретте капиталды көп қажет ететін ірі жобаларды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша басқа көздердің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады. Бұл қаражат жұмыс істеп тұрған отандық өндірістерді жаңғыртуға, кеңейтуге және жаңаларын құруға басым тәртіппен бағытталатын болады.

Кешенді жоспарды іске асыру кезеңінде даму институттарымен бірге сыртқы кредит беру көздері (екінші деңгейдегі банктер) тартылатыны ескеріліп, базалық мөлшерлеме төмендетілгеннен кейін инвестициялық жобалар саны мен инвестициялар көлемі ұлғаятын болады.

Қаржыландыру көздері

Кешенді жоспарды қаржыландыру мемлекеттік бюджет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылатын болады.

Кешенді жоспарды қаржыландыру көлемі*, млрд теңге

Қаржыландыру көзі	2024	2025	2026	2027	2028	Барлығы
Республикалық бюджет	997,2	120,9	120,4	527,0	588,0	1 453,5*
Бюджеттен тыс қаражат	164,6	314,9	290,8	287,2	286,0	1 343,5

Ескертпелер:

*республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстардың көлемі тиісті жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджетті қалыптастыру және нақтылау кезінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды параметрлері және республикалық бюджеттің кіріс бөлігінің мүмкіндіктері ескеріле отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен нақтыланатын болады . Бұл ретте шығыстар тиісті жылдарға ұсынылған іс-шаралардың өзекті есеп-қисаптары , басымдықтары мен құны негізінде түзетілуі мүмкін.

Р/с №	Атауы	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
Күтілетін нәтижелер:						
1) өндірістің НКИ өсуі – 2021 жылға қарай 217,8 %;						
2) 2021 жылға қарай экспорт көлемін 2,9 есеге ұлғайту;						
3) еңбек өнімділігі деңгейінің өсуі – 2021 жылға қарай 191,7 %;						
4) негізгі капиталға инвестициялардың НКИ өсуі – 2021 жылға қарай 153,5 %.						
1-міндет. Машина жасауды дамыту үшін базалық жағдайларды жақсарту						
I бағыт. Отандық өндірушілерді бастапқы материалдармен қамтамасыз ету						
1.	"Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 30 мамырдағы № 305 бұйрығына қарап металлургия өнімдерін қамтуды, түсті металдар номенклатурасын кеңейтуді және мұнай-химия өнеркәсібі	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп құрылыс министрінің бұйрығы	2025 жылғы 1-тоқсан	ӨҚМ, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	талап етілмейді	

	өнімдерін (полипропилен) жеңілдікпен қосуды көздейтін өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу					талап етілмейді
2.	Тау-кен металлургия және мұнай-химия кешені кәсіпорындарымен, оның ішінде машина жасау кәсіпорындары үшін отандық металлургия және мұнай-химия өнімдерін жеңілдікпен жеткізуді қамтамасыз ететін шарттар жасасу	өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі келісімдер	2025 – 2026 жылдар, желтоқсан	ӨҚМ, ЭМ, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
II бағыт. Басым және қолжетімді қаржыландыруды қамтамасыз ету						
3.	Машина жасау саласындағы жобаларды бюджеттік кредиттеу және/немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту арқылы түпкілікті	Республикалық бюджет туралы" Қазақстан	2024 – 2028 жылдар, желтоқсан	ӨҚМ, Қаржымині,	2024 жылы – 50 млрд теңге; 2025 жылы – 70 млрд теңге; 2026 жылы – 70 млрд теңге;	РБ қаражаты есебінен

	өтінім берушілерге сыйақы төлеудің жеңілдетілген мөлшерлемесі бойынша қаржыландыруды қамтамасыз ету	Республикасы Заңының жобасы		ҰЭМ, "ӨДҚ" АҚ (келісу бойынша)	2027 жылы – 200 млрд теңге; 2028 жылы – 210 млрд теңге.	
4.	Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларына және Кредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен "Даму" ҚДҚ" АҚ арқылы машина жасау саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша субсидиялау және кепілдік беру мәселесін пысықтау	НҚА жобасы	2024 жылғы 2-тоқсан	ҰЭМ, ӨҚМ, "Даму" ҚДҚ" АҚ (келісу бойынша)	2024 жылы – 10 млрд теңге; 2025 жылы – 10 млрд теңге; 2026 жылы – 10 млрд теңге; 2027 жылы – 10 млрд теңге; 2028 жылы – 10 млрд теңге.	РБ қаражаты есебінен
5.	"ҚДҚ" АҚ, "ҚДБ" АҚ ішкі актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен "ҚДҚ" АҚ, "ҚДБ" АҚ қаржыландыру бағдарламала	ішкі нормативтік құжаттарға	2024 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ, "ӨДҚ" АҚ (келісу бойынша), "ҚДБ" АҚ (	талап етілмейді	талап етілмейді

	рына қатысу үшін отандық өндірушілердің өтінімдерін қабылдау рәсімдері мен талаптарын оңайлату	өзгерістер енгізу		келісу бойынша)		
III бағыт. Отандық өндірушілерді салықтық ынталандыруды жетілдіру						
6.	Кәсіпкерлік кодексінің 287-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен инвестициялық келісімшартқа ұқсас арнайы инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы үшін қаржы лизингі шарты негізінде арнайы инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде жеткізілетін технологиялық жабдықты импорттау кезінде лизингтік компанияны кедендік баж салығынан босату	Қазақстан Республикасының Үкіметіне акпарат	2024 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, ҰЭМ, СИМ, Қаржымині, ҚМЖО (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
	Машина жасау үшін инвестициялық жоба шеңберінде инвестицияла			ӨҚМ, ҰЭМ, СИМ, Қаржымині,		

7.	р шегін кем дегенде 2 млн АЕК-тен 1 млн АЕК-ке дейін жаңа өндірістер құру бойынша төмендету жөніндегі мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне акпарат	2024 жылғы 1-тоқсан	А Ш М , ЦДИАӨМ, " Атамекен" ҰҚП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді
8.	Экспорттаушыларға ҚҚС-ты оңайлатылған қайтару кезінде жағдайларды оңтайландыру , "жасыл" технологияларды енгізетін жобалар бойынша өндірісі ҚР аумағында б а р тауарларды импорттау кезінде ҚҚС-ты төлеуден босату жөніндегі норманың күшін жою бөлігінде салықтық әкімшілендіру жөніндегі мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының шешімі	2024 жылғы 2-тоқсан	Ө Қ М , Қаржымині, ҰЭМ, ҚМЖО (келісу бойынша)	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді
	Салық заңнамасын жетілдіру бойынша, атап айтқанда : 5 жыл мерзімге КТС, Қ Қ С бойынша машина жасау					

9.	саласындағы орта бизнеске салық жүктемесін төмендету; металл өнімдерін импорттау кезінде 5 жыл мерзімге, сондай-ақ " жасыл" энергетика жобалары үшін машина жасау өнімдерін жеткізуде кезінде ҚҚС бойынша; сатып алынған өндірістік жабдық сомасына ШОБ машина жасау кәсіпорындарының айналымынан ҚҚС төлеу бойынша; ДСҰ және ЕАЭО шеңберіндегі Қазақстан Республикасы халықаралық міндеттемелерін ескеріп отырып, өндіріс құралдары мен технологиялық жабдықтардың импорты кезіндегі ҚҚС бойынша мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасы жаңа Салық кодексін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының шешімі	2024 жылғы 2-тоқсан	ҰЭМ, Қаржымині, ӨҚМ, ҚМЖО (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
IV бағыт. Білікті кадрлармен қамтамасыз ету және ҒЗТҚЖ дамыту						

10.	Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы сұранысқа ие бағыттар бойынша шетелде тағылымдамадан өту және оқыту арқылы жұмыс істеп тұрған инженерлік-техникалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің бұйрығы	2024 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, ҚМЖО (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
11.	Ғылыми-техникалық кеңестің шешімі бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде машина жасау саласындағы кемінде екі ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны жыл сайын іске асыру	8 жобаны іске асыру	2025 – 2028 жылдар, желтоқсан	ӨҚМ, ҒЖБМ, ҚМЖО (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
	Машина жасау саласында кадрлар					

12.	даярлауға кәсіптік қоғамдастықтар мен кәсіпорындардың өкілдерін тарта отырып, тәжірибеге бағдарланған оқытуды жетілдіруге және дамытуға бағытталған шаралар кешенін талдау және әзірлеу	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің жұмыс тобын құру туралы бұйрығының жобасы	2024 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, ҚМЖО (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
13.	Машина жасау саласында дуальді оқытуды дамыту бойынша озық еуропалық тәжірибені зерделеу және техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беруді ұйымдастыруда үздік тәжірибені одан әрі енгізу	дуальді оқыту шеңберінде машина жасау саласы үшін кадрлар даярлау жөніндегі жол картасын бекіту бойынша Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің бұйрығы	2026 жылғы желтоқсан	Оқу-ағарту министрлігі, ҚМЖО (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
	ҒЗТКЖ жүргізу, өнеркәсіп орындары үшін роботтық технологияларды және студенттерге арналған оқыту бағдарламаларын пысықтау мақсатында өнеркәсіптік		2024 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, ЦДИАӨМ, БҚДА (келісу бойынша),		

14.	әлеуеті неғұрлым жоғары өңірлерде өнеркәсіптік робототехник а бойынша оқу-өндірістік орталықтарын құру жөніндегі тұжырымдама ны әзірлеу	бірлескен бұйрық		ҚМЖО келісу бойынша)	(талап етілмейді	талап етілмейді
2-міндет. Отандық машина жасау өнімдерін ілгерілетуге жәрдемдесу						
І бағыт. Машина жасау өнімдерін өткізуді ынталандыру						
15.	"Өнеркәсіптік саясат туралы " Заңға өңдеу өнеркәсібі салалары бойынша оқшаулану мәселелерін реттеу бөлігінде, оның ішінде мыналарды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу: өңдеу өнеркәсібі салалары бөлінісінде олардың ерекшеліктері н ескере отырып, өнім өндірісін оқшаулану деңгейін есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту; өңдеу өнеркәсібі салалары бөлінісінде олардың	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2024 – 2025 жылдар желтоқсан	ӨҚМ, ҰЭМ, АШМ, ЦДИАӨМ	талап етілмейді	

	ерекшеліктері н ескере отырып, оқшаулану деңгейі бойынша көрсеткіштер ді айқындау; оқшаулану деңгейіне қарай өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындар ы н ынталандыру жөніндегі саясатты одан әрі айқындау, оның ішінде мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету кезінде қарсы міндеттемеле рді қолдану.				т а л а п етілмейді
16.	Қазақстан Республикасы н ы ң Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер м е н толықтырулар енгізу жолымен ДСҰ-ның халықаралық қағидаларына сәйкес қойылатын талаптарға (оның ішінде сапа бойынша) сәйкес келетін және отандық өндірушілер тізіліміне енгізілген машина жасау	Қазақстан Республикасы н ы ң Үкіметіне ақпарат	2024 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	т а л а п етілмейді

	өнімінің отандық аналогтарының орнына импорттық материалдар пайдаланылатын жобаларды іске асыру кезінде құрылысқа барлық қатысушылардың жауапкершілігі жөніндегі норманы белгілеу мүмкіндігін қарастыру					талап етілмейді
17.	Отандық өндірушілер үшін дайындау мен жеткізудің ең аз мерзімін белгілей отырып мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен жобаларды іске асыру кезінде қолданылатын стратегиялық маңызды, технологиялық жағынан күрделі тауарларға жататын машина жасау өнімдерінің тізбесін қалыптастыру жөніндегі құзыретті,	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2025 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	" (талап етілмейді	

	мемлекеттің өнеркәсіпті ынталандыру саласындағы уәкілетті органның құзыретіне беру					т а л а п етілмейді
18.	Тауар өндірушілерді мемлекет реттейтін сатып алуларда ілгерілету мақсатында Индустриялы қ сертификатта у институтын дамыту бөлігінде сатып алу рәсімдерін реттейтін заңға тәуелді актілерге өзгерістер енгізу	Сатып алу рәсімдерін реттейтін заңға тәуелді актілердің жобалары	2024 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, ҰЭМ, Қаржымині, ЭМ, БҚДА (келісу бойынша), " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді
	"Отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа ілгерілетуге бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Индустрия ж ә н е инфрақұрылы мдық даму министрінің міндетін атқарушының	Қазақстан Республикасы				

19.	2022 жылғы 1 5 маусымдағы № 3 4 2 бұйрығына отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа ілгерілетуге бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету шеңберінде шығындар түрлерін кеңейту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Өнеркәсіп және құрылыс министрінің бұйрығы	2024 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, "Qazindustry" АҚ (келісу бойынша)	" талап етілмейді	талап етілмейді
20.	" Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 1	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп		ӨҚМ, "Qazindustry"		

	маусымдағы № 308 бұйрығына өнеркәсіптік- инновациялы қ қызмет субъектілеріні ң еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету шеңберінде шығындар түрлерін кеңейту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	және құрылыс министрінің бұйрығы	2024 жылғы желтоқсан	АҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
21.	"Өнеркәсіптік саясат туралы " Қазақстан Республикасы ның Заңына оларды сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша шығындар ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлардың тізбесін қалыптастыру әдістемесін (қайта бөлу деңгейінің тәртібін айқындау жөніндегі өлшем шартты) әзірлеу және бекіту бойынша	Қазақстан Республикасы ның Заңының жобасы	2024 жылғы желтоқсан	СИМ, ӨҚМ, ҰЭМ, Қаржымині, АШМ, ЭМ, ЦДИАӨМ	талап етілмейді	

	С И М құзыретін толықтыру бөлігінде өзгерістер м е н толықтырулар енгізу					т а л а п етілмейді
22.	"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы н ы ң Кодексіне жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта қамтылған міндетті шарттарды қосу бөлігінде өзгерістер енгізу, оның ішінде " Өнеркәсіптік саясат туралы " Қазақстан Республикасы ның Заңына сәйкес өзгерістер енгізу: елішілік құндылықты дамыту бағдарламала рын бекіту және іске асыру; ұзақ мерзімді офтейк-келісі мшарттар мен шарттар жасасу; келісімшартт ық сатып алу шарттарын (офсеттік келісімдер) жасасу;	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2024 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, ЭМ	т а л а п етілмейді	

	өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын отандық бастапқы материалдармен (шикізатпен) қамтамасыз ету; жер қойнауын пайдаланушылардың міндеттемелерін олардың басы мердігерлеріне беру және келісімшарттар жасасу кезінде жобадағы елішілік құндылық үлесі бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін басы мердігерлердің жауапкершілігін енгізу				талап етілмейді
23.	Ұсынымдармен ұсыныстар әзірлей отырып, сатып алудың бірыңғай терезесі арқылы табиғи монополиялар субъектілерінің тауарларын, жұмыстарымен көрсетілетін қызметтерін сатып алудағы елішілік	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2025 – 2029 жылдар, 1-тоқсан	ӨҚМ, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	талап етілмейді

	құндылық үлесіне талдау жүргізу					т а л а п етілмейді
24.	"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Кодекске ҚПҚ жер қойнауын пайдаланушылар тауар биржалары арқылы сатып алған кезде сатып алынатын тауарлардың санын тек қана Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес бекітілетін биржалық тауарлардың тізбесі және тауар биржалары арқылы өткізілетін тауарлардың ұсынылатын партияларының ең аз мөлшері бойынша ғана шектеу бөлігінде өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2024 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, СИМ, БҚДА (келісу бойынша), "Атамекен" (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді
	ҚПҚ және КСШ жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуындағы шарттық					

